

**Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі
Б.Ә. Сағынтаевқа**

**«Қазақстан Республикасының Үкіметі мен
Түркия Республикасының Үкіметі арасындағы әскери
ынтымақтастық туралы келісімді ратификациялау туралы»
Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы» Қазақстан
Республикасы Үкіметі қаулысының жобасына түсіндірме жазба**

«Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түркия Республикасының Үкіметі арасындағы әскери ынтымақтастық туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметі қаулысының жобасын (бұдан әрі – жоба) әзірлеуші Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі болып табылады.

Жоба «Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабына сәйкес әзірленді.

Жоба мемлекеттік бюджеттен қосымша қаржы шығындарын қажет етпейді.

Келісімді іске асыру тиісті жылдарға арналған республикалық бюджетте Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігіне көзделген қаражат шегінде жүзеге асырылатын болады.

Келісімді іске асыру республикалық және жергілікті бюджеттердің және (немесе) Ұлттық қордың түсімдерін қысқартуды немесе шығыстарын арттыруды талап етпейтінін ескере отырып, қаулы жобасын Қазақстан Республикасы Республикалық бюджет комиссиясының қарауына енгізу талап етілмейді.

Қаулыны қабылдау теріс әлеуметтік-экономикалық және/немесе құқықтық салдарға әкеп соқтырмайды.

Келісімді іске асыру әскери даярлық және оқыту, бірлескен оқу-жаттығуларды өткізу, картография, гидрография, топогеодезиялық және навигациялық қамтамасыз ету, тылдық қамтамасыз ету, медициналық көмек көрсету, заң құзыреттілігі, сондай-ақ екі мемлекеттің әуе кеңістігі арқылы әскери мүлікті транзиттеу және т.б. салалардағы әскери ынтымақтастықты жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Жобаның негізгі мақсаты «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түркия Республикасының Үкіметі арасындағы әскери ынтымақтастық туралы

келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің карауына енгізу болып табылады.

Жобада қаралатын мәселелер бойынша бұдан бұрын «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түркия Республикасының Үкіметі арасындағы әскери ынтымақтастық туралы келісімге қол қою туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 13 қыркүйектегі № 558 қаулысы қабылданған.

Жоба қабылданған жағдайда қолданыстағы заңнаманы енгізілетін жобаға сәйкес келтіру талап етілмейді.

«Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 11-бабының 2) тармақшасына сәйкес Келісім ратификациялануға тиіс.

Кеңсе Басшысы мен Байланыс және ақпарат министрлігінің 2011 жылғы 20 мамырдағы № 25-1-32кпү/22П-кпү бірлескен бұйрығымен бекітілген «Қазақстан Республикасы Үкіметінің мобильдік кеңсесі» ақпараттық жүйесінде беруге рұқсат етілген қызметтік ақпарат тізбесіне сәйкес мемлекеттік құпия және (немесе) қызметтік ақпарат қамтылған жобаларды қоспағанда, жобаларды және оларға материалдарды Үкімет мүшелерінің мобильдік құрылғыларына «Қазақстан Республикасы Үкіметінің мобильдік кеңсесі» ақпараттық жүйесі арқылы беруге рұқсат етілмейді.

Жоба 2018 ж. ---. Қорғаныс министрлігінің www.mod.gov.kz интернет-ресурсында, сондай-ақ ашық НҚА порталында орналастырылды (*файлдың көлемі – -- КБ*).

Келісім тауарларды, көрсетілетін қызметтерді сатуға немесе зияткерлік меншік құқықтарына қатысты мәселелерді қозғамайды, сондай-ақ әлеуметтік маңызы жоқ.

Жоба Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға және Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық ұйымдардың шешімдеріне қайшы келмейді.

Одан басқа, жобада жеке кәсіпкерлік субъектілерінің мүдделері көзделмейді. Осыған байланысты, жоба жеке кәсіпкерлік субъектілерінің шығындарын азайтуды және (немесе) арттыруды растайтын есептерді қамтымайды.

**Қазақстан Республикасының
Қорғаныс министрі**

Н. Ермекбаев

**Премьер-Министру
Республики Казахстан
Сагинтаеву Б. А.**

**Пояснительная записка
к проекту постановления Правительства
Республики Казахстан «О проекте Закона Республики Казахстан
«О ратификации Соглашения между Правительством
Республики Казахстан и Правительством Турецкой Республики
о военном сотрудничестве»**

Разработчиком проекта постановления Правительства Республики Казахстан «О проекте Закона Республики Казахстан «О ратификации Соглашения между Правительством Республики Казахстан и Правительством Турецкой Республики о военном сотрудничестве» (далее – проект) является Министерство обороны Республики Казахстан.

Проект разработан в соответствии со статьей 5 Закона Республики Казахстан «О международных договорах Республики Казахстан».

Проект не потребует дополнительных финансовых затрат из государственного бюджета.

Реализация Соглашения будет осуществляться в пределах средств, предусмотренных Министерству обороны Республики Казахстан в республиканском бюджете на соответствующие годы.

Учитывая, что реализация Соглашения не потребует сокращения поступлений или увеличения расходов республиканского и местных бюджетов и (или) Национального фонда, внесение проекта постановления на рассмотрение Республиканской бюджетной комиссии Республики Казахстан не требуется.

Принятие постановления не повлечет негативных социально-экономических и/или правовых последствий.

Реализация Соглашения позволит осуществлять военное сотрудничество в таких сферах, как военная подготовка и обучение, проведение совместных учений, картография, гидрография, топогеодезическое и навигационное обеспечение, тыловое обеспечение, оказание медицинской помощи, юрисдикция, а также транзит военного имущества через воздушное пространство двух государств и т.д.

Основной целью проекта является внесение на рассмотрение Мажилиса Парламента Республики Казахстан проекта Закона Республики Казахстан «О ратификации Соглашения между Правительством Республики Казахстан и Правительством Турецкой Республики о военном сотрудничестве».

Ранее по вопросам, рассматриваемым в проекте, было принято постановление Правительства Республики Казахстан от 12 сентября 2018 года № 558 «О подписании Соглашения между Правительством Республики Казахстан и Правительством Турецкой Республики о военном сотрудничестве».

В случае принятия проекта приведение действующего законодательства в соответствие с вносимым проектом не потребуется.

В соответствии с подпунктом 2) статьи 11 Закона Республики Казахстан «О международных договорах Республики Казахстан» Соглашение подлежит ратификации.

Передача проектов и материалов к ним на мобильные устройства членов Правительства через информационную систему «Мобильный офис Правительства Республики Казахстан», за исключением проектов, содержащих государственные секреты и (или) служебную информацию, в соответствии с перечнем служебной информации, разрешенной к передаче в информационной системе «Мобильный офис Правительства Республики Казахстан», утвержденным совместным приказом Руководителя Канцелярии и Министерства связи и информации от 20 мая 2011 года № 25-1-32 дсп/22П-дсп не разрешается.

Проект размещен на интернет-ресурсе Министерства обороны: www.mod.gov.kz, а также на портале открытых НПА от --.--.2018 г. (*размер файла – --- КБ*).

Соглашение не затрагивает вопросов, касающихся торговли товарами, услугами или прав интеллектуальной собственности, а также не имеет социального значения.

Проект не противоречит международным договорам, ратифицированным Республикой Казахстан, и решениям международных организаций, участницей которых является Республика Казахстан.

Кроме того, проектом не предусматриваются интересы субъектов частного предпринимательства. В этой связи, проект не содержит расчетов, подтверждающих снижение и (или) увеличение затрат субъектов частного предпринимательства.

**Министр обороны
Республики Казахстан**

Н. Ермакбаев